

Әке ерлігіне тағзым

Ұлы отан соғыс жылдарында майданда болып жеңіс жолында аянбай жаумен шайқасқан азаматтың бірі - әкем Ақмұш Кайшантайұлы Кайшантаев. Әкем 1906 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Қойтас ауылында дүниеге келген.

Қарапайым отбасынан шыққан, әкесі қарапайым шаруа болған, бауырлары ағасы Мажүкеннің бауырмал інісі болып, қарындасы Асылкенге бауырмал аға бола білді. Жастайынан отансүйгіш, патриоттығы жоғары, жас жігіт еліне адал қызмет етеді

Сұрапыл соғыс 1941 жылы басталады. Ол кезде менің әкем 35 жасында болыпты. Еліне, туған жеріне деген патриоттық рухағы азамат, неміс солдаттары елден шепке шабуылға шықты деген хабарды естіп, әкем өзі соғысқа баруды сұрапты. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының комиссариатынан әскер қатарына алынады, сол уақытта қанды қырғын ортасына жіберілген. Соғыс барысында 17 атқыштар полк дивизиясында қызмет етеді. 26.02.1942 жылы сол аяғынан қатты жараланып, тура жарты жыл Санбатта №245 мед бөлімінде госпитальда болады. Алты ай дегенде жазылып, жауынгерлік рухы жоғары әкем Берлинге дейін барады. Алланың шапағаты ма, тағдырдың бұйырғаны ма, әкеме жеңіс хабарын есту бұйырыпты. 1946 жылы «Соғыс жылдарында аянбай тер төккені үшін», 01.06.1946 жылы «Әскери еңбегі үшін», 10.06.1947 жылы «Германияны жеңгеніміз үшін», «Отанға адал жұмысы үшін» және Ұлы отан соғысы жеңісі медалдармен марапатталған. Өмір жолында 1945-1947 жылдары Күршім ауданындағы колхоздың төрағасы болып жұмыс жасайды. 1947-1950 жылдары осы ауданның Құйған селосында селсоветтің Ауыл шаруашылығы төрағасы лауазымына дейін көтеріледі. Соғыстан кейінгі жылдары әрине еліміздің жағдайында мемлекеттік қызметте болу белгілі бір қиындықтарға әкеп соқтыратын. Қызметтің қиындығына қарамай еліне деген қызметін адал атқаруға, зайыбы Қазиза Қасымқызына аяулы жар, ұл-қызына үлгілі әке, достарына адал жолдас.. Мемлекеттік ордендер мен бірнеше рет марапатталып, көтермелеулер алған.

Осындай ғибратты ғұмыры 1968 жылы өз шегіне жетіпті. Ардагердің артында 1 қыз, 4 ұлы қалды. Ең кенжесі мен Дауітхан ол кезде небәрі бес жарым жасар булдіршін бала едім. Әкемнен қалған естелік күміс кесе шанышқы және қасық сол заттарды әкемнің қара көзіндей сақтап келемін. Әрине әкенің

қамқорлығын сезініп өсу мен үшін орны толмас өкініш пен қол жетпес арман. Асқар тауым әкемнің осындай тарихи адам болғанын мақтан тұтамын.

Өткен ғасырдағы сұрапыл соғыс талай адамның басын жалмады, артынан жесірі мен жетімін қалдырды. Ана да, бала да соғысқа кеткен ерін сарыла күтті. Өмір дариясы шегінде ғибратты ғұмыр кешіп, артынан өнегелі із қалдырған, ұрпаққа сауапты іс істеп, ұрпақтың болашағына елеулі жол ашқан азаматтарымыз қаншама. Бұл соғыс талай жандардың тағдырын өзгертті. Бізге жарқын болашақ пен бейбіт өмір сыйлаған ардагерлердің көбі біздің арамызда жоқ, олар жыл санап азайып барады. Сол ардагерлердің арасында менің әкемнің үлесі бар екені мен үшін үлкен мақтаныш. Біз олардың тыныштық пен бейбіт өмір жолындағы ерліктерін ұмытпаймыз. Ұлы Жеңіске 70 жыл толуына орай ел қорғаушы азаматтарға менің әкеме және барлық ардагерлерге басымды иіп тағзым етемін.

**Дәуітхан Қайшантаев Ақмұшұлы
ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
кафедра доценті, полиция полковнигі**